



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

жаңғыру жолы. Ол-елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту-ортақ парыз, абыройлы міндет [10, 5].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр» деген еді. Ендеше, «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабамыз түркілердің Мәңгілік Ел идеясын – Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялап отыр [11].

Мәңгілік Ел идеясы – барша Қазақстандықтардың өміріне, болашағына қатысты құжат. Ертеңгі бағытын, жүретін жолын, өсу жолындағы мұратын анық бірген елдердің қандай жеңістерге жеткенін тарихтан білеміз. Біздің еліміз тәуелсіздігіне енді қол жеткізіп жатқанда алдағы 30 жылды ойласа, енді жүрісін дұрыстап, тынысын жөндеп алғанда Мәңгілік Ел деген мұратты алға қойды.

Қортындылай келе, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша жүзеге асып жатқан Мәңгі Ел идеясын әрі қарай жалғастырып дамыту біздің, яғни келешек ұрпақтың міндеті. Осы идея арқылы біз Қазақстанды дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://youtu.be/3UZxMjYgTPO>
2. <http://adebiportal.kz/kz/authors/view/1093>
3. <http://ultbolmisy.kz/ұлы-дала-тарихы/>
4. <https://massaget.kz/forum/viewtopic.php?f=142&t=1..>
5. <http://tranzitkz.kz/index.php?catid=41:vipusk3292011..>
6. <https://kk.wikibooks>.
7. Сыздықов С. «Мәңгілік Ел» идеясы. – Астана: Фолиант, 2013. 3-4 бб.
8. Мәңгілік Ел идеясының өзегі // Mәngі El Халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, 1(3) 02. 2014. 11 б.
9. Ақиқат журналы, Ұлттық-қоғамдық-саяси журнал Бір мақсат бір мүдде бір болашақ. №2 2014. -5 бет.
10. «Mәngі El» Халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, Мәңгілік Ел идеясы қалай туды. 4(6) 17. 01. 2014. -8 бет.

УДК 336.7

КРИПТОВАЛЮТА - ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕГІ НАНОТЕХНОЛОГИЯ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ДАМУ ТҮРІНДЕГІ КӨРІНІСІ.

Казбек Айнура Казбекқызы

knaukanbekova@mail.ru

Л:Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, 2 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Ж.К.Есимова

«Қазақстан ұлттық төлем жүйесін өз электронды ақшасын енгізу керек. Егер 3 жыл ішінде ірі дамушы мемлекеттердің Орталық Банктері өз электронды ақшаларын енгізбесе, 5 жылдан соң кеш болады» - деді ҚР Ұлттық Банкінің бұрынғы төрағасы Григорий Марченко.

Бұл мүмкін бе?

Жалпы, электронды ақша дегеніміз не?

Интернетте жасалып, сонда әрекет ететін орталықтандырылған цифрлік валюта. Ол криптографиялық ("күпия жазу" деген сөзден шыққан, өзгертуге келмейтін таңбалар жиынтығы) технологиялармен қорғалған. Атауы да содан шыққан. Бұл ақша бірліктерінің физикалық баламасы жоқ, олар тек виртуал кеңістікте ғана жүреді.

Соңғы кезде көп естіп жатамыз, кәсіпкерлер, елдің азаматтары криптовалютаны жинау арқылы ақшаны еселеуге болады дейді. Осы кезде сұрақ туындайды, ол шын мәнінде соншалық табыс әкелетін нәрсе ме?

Бұған тоқталатын болсақ, негізі криптовалюта ең басында пайда болған кезде Сатоши Накамотоның жасалған криптовалютасы арқылы ең бірінші транзакция ол - 2 пицца сатып алынған. Яғни, 100 мың биткойнға 2 пицца сатып алынған. Кейін 3 жыл өткеннен кейін криптовалютаның бағасы нарықтық сұраныстың көбеюіне байланысты, сол 2 пиццаның бағасы бүкіл кондитерлік зауытты сатып алуға дейін жетті. Сондықтан, менің ойымша, криптовалютаның нарықтық сұраныста өте жоғары болғандықтан, ол әрдайым жақсы табыс көзіне айналды. Және де соның еңбектеріне қарап отырып Ружа Игнатова криптовалютаның тағы бір түрін OneCoin дегенді ойлап тапты.

Кез келген үлкен корпорацияларда капитализацияны жинау үшін «сплит» деген ұғым бар. Яғни, акцияларды еке еселендіру.

Сандық технологиялардың дамуы кез келген салаға өз әсерін тигізіп жатыр. Электронды төлем жасау қалыпты процеске айналып, электронды ақшалар уақыты жақындап келеді. Дегенмен, кей мамандар ақшаның бұл түріне сенімсіздік танытып, электронды валюта қаржы пирамидасы болуы мүмкін деген пікірде. Электронды ақша мен электронды валютаның айырмашылығын бірі білсе, бірі білмейді. Сонымен, соңғы уақытта жиі айтылып жүрген криптовалюта дегеніміз не? Биткойн ше? Оны қайда, қалай қолдануға болады? Еуропаның валютасы еуро, Америкада доллар, ал Қазақстанда теңге болса, енді ғаламтордың өз валютасы пайда болды. Ол биткойн криптовалютасы деп аталады. Шынайы өмірде біз қай жерде жүрсек, сол жердің валютасын қолдануға мәжбүрміз. Ал интернет қолданушыларына төлемдерін биткойнмен жүргізуді ешкім талап етпейді, бірақ дәл осы қаржы түрін қолданушылар инвестиция көзі деп біледі. Криптовалюта жаңа технологиялар мен үкіметтің бақылауынсыз жүргізуге негізделген төлемдер мен ақша аударымдарының жылдам жүйесі.

Криптовалютаның негізгі идеясы – ешбір елге бағынбау болып табылады. Және оның ең бірінші жақсы жағы, ол – анонимділік, яғни иегері кім екені белгісіз. Бір сөзбен айтқанда, электронды қаржы орталықтандырылмаған.

Егер сіз виртуалды түрде иемденген ақша жоқ болып кетсе, шағым айтып барар жеріңіз болмайды.

Менің ойымша, қазіргі кезде көптеген қаржы пирамидалар дегендерді естіп жатырмыз. Сол жағынан қауіпсіздік ретінде болу үшін, біз оны дұрыс зерттеуіміз керек. Негізі ғаламтор желісінде криптовалютаның сан алуан түрі бар. Кейбір мамандар аталған валютаның болашағы зор десе, енді бірі бұл пікірге түбегейлі қарсы.

Қазіргі кездің өзінде басқа елдерде биткойнмен қабылдайтын жерлер бар. Мүмкін болашақта Қазақстанда да сондай жерлер болатын шығар. Мысалы, дүкендер, дәріханалар, қай жер болмасын биткойнмен қабылдау тиімді.

Биткойнды ертеңнен бастап осы елімізге дамытайын деген ой жоқ, себебі қазіргі уақытта біз өзіміздің теңгемізді мықты қылуымыз керек. Электронды валютаны біздің елге кіргізу өте үлкен тәуекел. Себебі, оның қожайыны кім екені белгісіз. Оны кіргізіп алып, ертең қайтадан мәселе тумайтынына кім кепіл. Менің ойым, өзіміздің үйреншікті теңгемізді қолдануымыз керек.

- Ақшасуррогаттары, түрлікриптовалютанызерттейтін арнайы жұмыс тобын құрдық. Бұл таяу болашақта алдымыздан шығатын жұмыс болғандықтан, оны елемей өту дұрыс емес. Қазір

біз әлемдегі ірі банктердің консорциумы зерттеулерінің нәтижесін күтіп отырмыз. Сондықтан, алдағы уақытта қаржы секторын дамыту жоспарына өзгерістер енуі мүмкін, - деп мәлімдеме жасаған еді ҚР Ұлттық Банк төрағасы Д.Ақышев.

Осы туралы өз ойымды айтатын болсам, мәлімдеме дұрыс деп санаймын. Өйткені, кез келген жаңалық енгізудің алдында, бұл жанашылдық ой қайдан шықты, түп қазығы қайда, кім оны ұсынды. Соның байыбына барып, жан жақты толыққанды зерттеу жүргізбей, біздің тәжірибемізге енгізу асығыстық болады.

Бүгінгі таңда әлемде 100 млн адам криптовалютамен қолданады. Негізі ақша айналымын интернет желісінен қарасақ, әлемде 60 триллион доллар ақша айналымда бар екен. Олар фондтарда, счеттарда, қолда т.б.. Солар қазір осы нарыққа көшіп келе жатыр. Мысалы, 2016 жылы барлық айналымдағы криптовалютаның өлшемі 11-15 млрд доллардың көлемінде болса, ал биылғы жылы наурыз айларында 25 млрд болатын, бүгінгі таңда 130-150 млрд көлемінде. Осы арқылы көбісі криптовалютаға көшіп жатқанын көре аламыз.

Данияр Ақышевтің тағы бір мәлімдемесіне тоқталсақ, ол былай деген болатын: Әлемде криптовалюта қолданысқа енгізген мемлекеттер жоқ емес, десек те бұл елдер виртуалды валютаны құқықтық белгілері шектелген жерде немесе жекелеген реттеу тетігі бар жағдайларда ғана пайдаланады.

Осы кезде сұрақ туындайды, бұны қаншалықты біз пайдалана аламыз. Алайды, Қазақстанда криптовалютамен айналысып жатқан азаматтар аз емес. Бірақ мемлекеттің әлі принципі нақтыланған жоқ. Олар әлі бұл саланы зерттеп жатыр.

Биыл ел президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі мұндай жүйенің инновациялығын атап, бүкіл әлемдік қауымдастыққа біртұтас криптовалюта енгізуді ұсынды. Оның айтуынша, бұл әлемді валюта соғыстарынан, алыпсатарлықтан құтқаруға, сауда қатынастарындағы ауытқуды болдырмауға мүмкіндік бермек. Оны енгізу БҰҰ арнайы құрылған комитеті жанындағы орталық банктер пулы көмегімен мүмкін болмақ дегенді айта келе, Назарбаев "Жаңа валюта жалпыға қолжетімді және бүкіл әлемдегі тұтынушылар қабылдайтындай болуы керек. Ол абстракт сенім білдіруге емес, нақты активтермен қамтамасыз етілуге тиіс" деді.

Енді мынадай сұрақ туады: «Криптовалютаның соншалықты артықшылығы неде?» деген. Сандық ақша деген- математикалық алгоритмдер арқылы шешілген әріптер мен сандардың жиынтығы. Криптовалютаның бүгінде 3000-ға жуық түрі болса, ең танымалы- биткойн. Криптовалюта ешқашан кибершабуылға, хакерлік шабуылдарға бүлк етпейді. Қорғанысы өте жоғары, мықты. Девальвация деген атымен жоқ. Криптовалютаны кез келген әлемнің нүктесіне бір сәтте жібере аласыз. Шотыңызға тексеріс немесе транзакция жасау барысында сізге ешкім кедергі жасай алмайды. Ол мемлекетке, ұлттық банкке тәуелді болмайды.

Қазақстанда және дүние жүзінде криптовалютаға әлдене сатып алуға бола ма?

Қалай десек те, виртуал ақшаның сатып алу қабілеті бар. Оларды тауар не қызметке айырбастауға болады. Көптеген елдерде жұрт биткойнға ұшақ билеттері мен гаджеттер сатып алады, коммуналдық төлемдер жасайды.

Қорытындылай келсек, Халықаралық криптовалюта құру туралы мәселе, әрине, өте күрделі жұмыс. Бұл жұмыс ең алдымен әр елдің қаржылық жүйелеріне өте мығым түрде серіктесе жұмыс атқаруды талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.qamshy.kz/article/kryptovalywt-a-degenimiz-ne.html>
2. <https://www.nur.kz/1526651-nazarbaev-predlozhil-sozdat-kriptov.html>
3. <http://aikyn.kz/2017/08/08/22908.html>